Барлық аудандарда ТҚК дербес құрамы бекітілді, комиссиялардың қызметіне жауапты орындаушылар анықталды, ұйымдастыру құжаттарының пакеті, жұмыс жоспарлары мен алдын алу іс-шаралары әзірленді және орындауға қабылданды» [1] деп өз сөзін бастайды. Әрине, облыстық, қалалық комиссиялар секілді аудандық комиссиялар құруды ұйымдастыру іс-шаралары бірқалыпты жағдайда нақты іске асырылды деуге болады. Осы орайда әрі қарай баяндамашы «Сонымен қатар, жергілікті жерлердегі істердің жай-күйін зерделеу аудандық ТҚК қызметін ұйымдастыру одан әрі жақсартуды қажет ететінін көрсетті» [1] деп түйткілді мәселені тиек етіп айтып өткен болатын. Әлбетте алғашқы кезде ұйымдастыру бойынша тиісті мәселелер де туындаған болатын. Қазір аудандық комиссиялардың ұйымдастыру жұмыстарын жалпы тұрғыдан жеке бағамдайтын болсақ, бірқалыпты жұмыс жасауда деп айтуға болады. Өйткені: біріншіден, сол терроризмге қарсы аудандық комиссиялар құрамы, құзыреті мен өкілеттіліктері, сондай-ақ құқықтары мен міндеттері белгіленіп қойған; екіншіден, комиссияның қызметін тікелей түрде реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен жиынтығымен қамтылған; үшіншіден, аталған комиссиялардың мәжілістерінің нәтижесінде жинақталған мәліметтердің жиынтығы бар. Дегенмен, бірқатар комиссиялардың кемшіліктері бар екендігі де айқындалды. Әрине, осындай кемшіліктердің өзге де облыстар мен қалалардағы аудандық комиссия қызметінде орын алынғандығы белгілі.

Жоғарыда бұл баяндаманың негізгі бөлімінде баяндамашы «Біріншіден, комиссия құрамына әкімдерден (яғни басшылардан), ҰҚКД АБ бастықтарынан (басшының орынбасарлары), аудандық мәслихаттар төрағаларынан басқа, тек қана мемлекеттік орган-

---

[2] *[Электронды ресурс]«Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 552-IV Заңы//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000552.*

[3] *[Электронды ресурс] «Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекіту жөнінде» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығы//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000588.*

дардың аудандық бөлімшелерінің (ЭСЖКД, КБД, ТЖД, прокуратура, көлік прокуратурасы және т.б.) басшылары енгізілген» [1] деген сөзді тілге тиек етіп баяндаған. Біздің ойымызша, аудандық комиссиялардың жұмысы барысында осындай өрескел түрде орын алған жалпы кемшіліктердің себептері: біріншіден, жергілікті аумақтар (облыстық, қалалық және аудандық) бойынша терроризмге қарсы комиссияларды жұмысын нақты ұйымдастыру іс-шараларының жалпы маңыздылығын түсінгенімен, комиссия құрамын жасауды біркелкі орындалмауынан деп білеміз; ал екіншіден, аудандық комиссиялардың төрағасы мен орынбасарларының өзара үйлестіру жұмысын бастапқыда дұрыс жолға қойылмағандығы дәлелденеді; ал енді үшіншіден, аудандық комиссиялар жұмысының тәжірибесі бастапқы кезеңде болғандықтан орын алған деп білеміз. Яғни бұл жағдай комиссиялар жұмысының қалыптасқан кезеңге өткенге дейін жалғасты деуге болады. Баяндаманың жалғасында «Аудандық ТҚК-ның бірінші отырыстарының барысында берген ұсынымдарына қарамастан, комиссия қызметіне өңірдің қоғамдық қайраткерлерін, жергілікті және рулық беделді және т.б. тарту жөніндегі жұмысқа тек Мақтаарал ауданы ТҚК-ның және Түркістан қаласының жұмыс органдары ғана кірісіп кетті, олар тиісінше 15 және 10 адам бөлді»[1] деген мәлімет келтірілді. Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысында (қазіргі Түркістан облысында) барлық аудандық комиссиялар ішінен аталған екі аудандық комиссиялар құрамында қоғамдық институттардың болуы мынада деп білеміз. Біріншіден, осы аудандардың аумағында тиісті соттардың шешімімен тыйым салынған экстремистік және террористік ұйымдардың, сондай-ақ тиісті соттардың шешімдері бойынша тыйым салынбаған деструктивті сипаттағы діни-саяси қозғалыстардың өкілдері мен жақтаушыларының тікелей түрде әрі нақты болуымен байланысты дегіміз келеді; екіншіден, аталған аудандардың бірқатар тұрғындары, тіпті кейбір отбасылар шет елдердегі қарулы қақтығыстар болып жатқан елдерге кетіп қалды; үшіншіден, осыған байланысты терроризмге қарсы комиссиялар құрылғанға дейін мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар арасында өзара әрекеттесу іс-шаралары болған деп айтуға болады.

Аталған баяндамадағы мәліметке сүйенсек, оның мазмұнында «Қазығұрт, Созақ, Төлеби, Түлкібас, Сарыағаш, Шардара, Арыс және Кентау қаласының жұмыс органдарына ТҚК комиссия құрамына енгізу немесе оның қызметіне өңірдің көрнекті қоғам қайраткерлерін, беделді және танымал жеке тұлғаларды, қоғамдық ұйымдардың, ұлттық мәдени орталықтардың, діндердің, бизнес-қоғамдастықтардың, ҮЕҰ, бұқаралық ақпарат құралдарының және т.б. өкілдерін белсенді түрде тартуды қамтамасыз ету ұсынылады.

Бұл шараны іске асыру неғұрлым толыққанды және мазмұнды шешімдер жасауға, ТҚК жұмысы туралы ақпаратты жұртшылықтың қалың жіктері үшін қолжетімді етуге, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен халық арасында «идеялар жолсеріктері» т.б. жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді»[4] делінген. Бұл баяндамада аталған аудандарға кезінде осындай ұсыныстар жасалды. Демек, бұл сол кезде кеткен кемшіліктер деуге болады. Ал енді қазіргі кезде осы аудандарда терроризмге қарсы комиссиялар құрамы қоғамдық институттардың өкілдерімен толықтырылып, олардың тиісті жұмыстары қалыпты түрде жалғасып келеді деп айта аламыз. Біздің пікіріміз бойынша, қазір аталған комиссиялардың бастапқы жалпы ұйымдастыру мәселелері реттелді деуге болады. Алайда, қазіргі кемшіліктердің жиынтығы аудандық комиссиялардың жоспарларын іске асыру және бақылау бойынша орын алуда деп білеміз.

Саралау жүргізіліп жатқан баяндамадағы тиісті мәліметтерге жинақталған түрде жүгінетін болсақ, онда «Екіншіден, аудандық ТҚК-ның жұмыс жоспары пысықтауды талап етеді» [1] деген ескертпе әрі ұсыныс қамтылған. Содан кейін «Үшіншіден, терроризмге және діни экстремизмге идеологиялық қарсы іс-қимыл бойынша ақпараттық-насихаттау қызметін жүйелендіруді талап етеді» [1] деп жазылған ұсыныс қамтылған. Ал енді баяндаманың қорытынды бөлігіне жақын жерінде «Төртінші. ТҚК-ның қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді зерделеу комиссияға кіретін мемлекеттік органдардың ақпараттық басымдықтарға сәйкес материалдарды елеусіз іске асырғанын куәландырады» [1] деп түйінделген. Бұл ескертпелер, сондай-ақ ұсыныстар кезінде берілген болатын. Аталған ұсыныстар бүгінде қажетті болып табылады. Аталмыш ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жандандыру мәселесі күн тәртібінен түспеуі керек. Өйткені: біріншіден, қазіргі әлеуметтік желілердегі ақпараттар легін сұрыптау, саралау, ондағы келеңсіз және діни экстремистік идеологияны дәріптеп жатқан тұлғаларды, сайттарды немесе жеке парақшаларды анықтау, ескерту, жолын кесу, болдырмау іс-шаралары оңай жол болып келмейді; екіншіден, әлеуметтік желілердегі теріс діни көзқарастарға қарсы жауап беру (бұл ретте қысқаша қисынды жауап беру материалдары жетіспейді) кеш жасалып жатады, тіпті жауапсыз ашық күйінде қалып жатыр; үшіншіден, бұл ретте айтар ұсыныс, ақпараттық түсіндіру жұмысын жандандыру мақсатында аталған комиссия құрамына шартты түрде айтар болсақ, жалпы біркелкі материалдармен (комиссия жұмысын жүйелі үйлестіру бойынша ғылыми-әді-

стемелік тұрғыдан тұжырымдалған материалдармен), ақпараттық түсіндіру топтардың мүшелерін негізгі біркелкі материалдармен (яғни негізгі әрі мақсатты аудиториялармен, нақты айтқанда көпшілікпен тікелей жұмыс жасайтын топ мүшелерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тұжырымдалған негізгі біркелкі материалдармен), сонымен бірге діни деструктивті топтар мен ұйымдардың мүшелері және олардың лидері болып жүрген жеке тұлғалармен жұмыс жасайтын арнайы ақпараттық түсіндіру топтарының мүшелерін арнайы біркелкі материалдармен (арнайы құрылған топ мүшелерін жан жақты негіздемелер (діни, саяси, құқықтық және т.б.) бойынша ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік тұрғыдан тұжырымдалған арнайы біркелкі материалдармен қамтамасыз ету қажет деп санаймыз.

Аталмыш баяндаманың қорытынды бөлігінде: «Өңірлік ТҚК ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ету шеңберінде:

- ТҚК жұмыс топтарының басшылары (аппарат басшылары және аудан әкімдерінің орынбасарлары) жоспарлы және тиісті хаттамалық іс-шаралардың орындалуын бақылау тетігін ретке келтірсін;

- комиссиялардың ақпараттық қажеттіліктерін жарықтандыруға қатысатын ТҚК мүшелері (ауданның мемлекеттік органдарының басшылары) тізбенің шеңберінде ақпараттың уақтылы мониторингін, жинақталуын және оны ТҚК-ға жіберуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тиісті ведомстволық тетіктерді ұйымдастыруы қажет.

- ҰҚКД қалалық және аудандық комиссияға кіретін мемлекеттік органдарға ауданда дәстүрлі емес және радикалды діни ағымдардың идеологиясына ықпал ететін әлеуметтік, экономикалық, білім беру және мәдени жағдайларды тиісті анықтау бойынша практикалық тәжірибені беру бөлігінде практикалық көмек көрсету;

- ҚР ҰҚК ОҚО бойынша департаменті ТҚО бөлімі 2014 жылдың қаңтар айында ОҚО әкімдігінің мемлекеттік құқықтық бөлімімен бірлесіп, жергілікті жерге барып, тиісті аудандық ТҚК жұмыс топтарының мүшелерін ақпараттық басымдықтарға сәйкес жағдайды талдау және зерделеу әдістемелеріне оқыту және терроризмнің алдын алу бойынша практикалық іс-шараларды әзірлеу бойынша дәрістер мен практикалық сабақтар өткізу керек» [1] деп қорытынды ұсыныстар берілген. Әрине, бұл жасалған ұсыныстар кезінде берілген. Дегенмен, салыстырмалы зерттеу мақсатында жеке зерделеуді жөн көреміз.

Талдау жасалынып жатқан материалдың негізгі бөлігінде:

«Елімізде террористік қызметке қатысы болғаны үшін іздеуде жүрген 31 шетелдік азаматтары ұсталды және белгіленген тәртіпте басқа мемлекеттерге берілді.

Бүгінгі күнге дейін 40 қазақстандық жауынгерлер, олардың 65 әйелдері мен басқа да отбасы мүшелері шет елдің бірқатар террористік ұйымдарында жүр.

3 террористік актіні жасауға ұмтылыстарының бастапқы кезеңінде жолы кесілді. Террористік акті Алматы және Қарағанды облыстарының радикалдық тұлғаларымен дайындалды. Террористік актіні дайындауға қатысы бар тұлғалар 6 жылдан 18 жылға дейінгі мерзімге бас бостандықтарынан айырылды.

Еліміздің әртүрлі аймақтарында 7 радикалдық топтың және 34 жеке тұлғалардың қылмыстық әрекеттері бейтараптандырылды.

Терроризм және діни экстремизммен байланысты қылмыстары үшін барлығы 140 адам сотталды» делінген ақпараттық сипатта жинақталып жазылған мәлімет қамтылған. Аталмыш жинақталып берілген мәлімет ҚР құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың жеке әрі бірлесе отырып жасаған іс-әрекетердің жиынтығы болып табылады. Осы мәліметтен белгілі болғандай, террористік қылмыстарға тікелей қатысы бар 31 тұлғаларды ұстап әрі оларды экстрадициялау бойынша біршама нәтижелі жұмыстың атқарылғандығы көрініп тұр. Дегенмен, ҚР шекара жүйесінен өтуге тырысатын осындай жеке тұлғаларды анықтау және өткізбеу іс-шараларын, тіпті шекарадан өтіп кеткен жағдайларда, оларды ұстау іс-шараларын ҚР ҰҚК шекара қызметі, ҚР ҰҚК, ҚР ІІМ, Сыртқы барлау және ҚР кеден органдары Интерпол Ұлттық бюросы берген нақты тізім бойынша үйлестірілген деңгейде жүргізу керек деп білеміз. Осы орайда арнайы дайындалған профайлер мамандар (осы іске мүмкін болса жан жақты қабілеті бар мамандарды тарту қажет) штатын қалыптастыру керек деп санаймыз. Тағы да бір айта кетер ұсыныс, діни экстремистік және террористік сипатта жазылған материалдарды, сондай-ақ тиісті соттардың шешімдерімен тыйым салынған діни сипаттағы материалдарды шекара және кеденнен өткізбеу жұмыстары бойынша көптеген олқылықтар мен кемшіліктер бар деп есептейміз. Сондықтан осы бағыт бойынша жіті қадағалау керек деп ұсыныс етеміз.

Сараланып жатқан осы материалдың негізгі бөлігінде берілген, қалған мәліметке келер болсақ, ондағы іске асырылған іс-шаралар құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметінің жалпы (жолын кесу, болдырмау және т.б.) нәтижесі десек те болады. Бұл ретте жалпы айтар болсақ, аталған органдардың жеке тәжірибесі бастапқы деңгейден өтіп, тиісті қалыпты деңгейге жеткен деп есептейміз.

Талдау жүргізіліп жатқан материалда «Қоғамда ауқымды түсіндіру және оңалту жұ-

мыстары жүргізілуде. 907 тұлға радикалданудан бас тартты»[4] деп жазылған мәлімет баяндалған. Шынын айтар болсақ, бұл іс-шаралар радикализм және діни экстремизмнің алдын алудың нәтижесінде қол жеткізілген іс-шаралар деуге болады.

Аталмыш материалдың жалғасында «Құқыққа қайшы келетін әрекетке жол бермеуге қатысты қылмыстық іс жүргізу шаралары тек қана сенімін өзгертуге берілмеген тұлғаларға ғана қатысты қолданылады» делінген. Әлбетте осы тәріздес құқықтық ұстаным ҚР қылмыстық процестік кодекске сәйкес жүргізілуі тиіс.

ҚР ҰҚК Баспасөз қызметі жарияланған осы материалдың мәтінінде «Бас бостандығынан айыру орындарында 162 сотталушы радикалсыздандырылды» делінген. Ақиқатында 2019 жылы осыншама сотталушыға дерадикализация жұмыстары жүргізілді.

Зерделеніп жатқан материалда «Интернеттің веб-ресурсында 14,5 мыңнан астам террористік контент сілтемелері айқындалды. Оларды жою бойынша жұмыстар жүргізілуде»[4] деген мәлімет берілген. Бұл бағытта жұмыс біршама қалыпты жүргізіліп келеді.

Талданып жатқан материалда:

«Террористік актіге уақытылы және барабар ден қоюды қамтамасыз ету үшін жыл сайын терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабатарымен 400 артық терроризмге қарсы оқу-жаттығу іс-шаралары өкізіледі.

Тараз қаласында «Темір-жол-Антитеррор-2019» республикалық жедел-тактикалық оқу-жаттығуы ұйымдастырылды. Қарағанды облысында Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының «Сары-Арқа-Антитеррор-2019» халықаралық терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығуы өткізілді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы аясында өткізілген «Наёмник» жедел-профилактикалық іс-шаралары нәтижесінде Қазақстанға кіру/ Қазақстаннан шығу арналарында терроризмге қатысы бар халықаралық іздеуде жүрген 12 тұлға ұсталды»[4] деген ақпарат берілген. Осы тұста, айтар жайт, Қазақстан Республикасының тиісті құқық қорғау мен арнаулы мемлекеттік органдардың ішкімемлекеттік және халықаралық деңгейде жалпы оқу-жаттығу іс-шараларын сәтті өткізіп келеді деп түйіндеуге болады. Себебі: біріншіден, осы бағыт бойынша құқық қорғау мен арнаулы мемлекеттік органдардың жалпы ішкімемлекеттік және халықаралық ынтымақтастығы, сондай-ақ халықаралық дағдылары мен тәжірибесі қалыптастырылған; ал екіншіден, сол бағытта жүйелі іс-шаралар жоспары негізінде қалыпты іске асырылуда; үшіншіден, бұл бағытта жетілдіру тетіктері қарастырылып жатыр деп айтуға болады.

Арнайы түрде талдау жүргізіліп жатқан материалдың мазмұны «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ойдағыдай жүзеге асырылуда»[4] деген жеке қорытынды сөйлеммен түйінделген. Әрине, аталған мемлекеттік бағдарламаның аясында жалпы жоспар бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда деуге болады.

ҚР ҰҚК баспасөз қызметінің тиісті түрде жариялаған (жарияланған күні 20 желтоқсан 2019) материалдың кіріспе бөлігінде: «2019 жылдың ТҚО жұмысы қорытындыланды.

Террористік акцияларға жол бермеу бойынша және жалпы алғанда еліміздегі жағдайдың тұрақтылығын сақтауға күш салынғаны аталды»[5] деп бастапқы ақпарат берілген. Аталмыш ақпаратқа сүйенер болсақ, жалпы алғанда жұмыстың қанағаттандырылық деңгейде іске асырылғандығын білдіреді.

Жеке талданып жатқан материалдыңбастыбөлімінде:

«Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын табысты жүзеге асыру қамтамасыз етілді. 2019 жылға белгіленген барлық мақсатты индикаторлар мәніне қол жеткізілді»[5] делінген.

Материалдың келесі жерінде: «Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің №2396 қарары шеңберінде авиациялық көліктегі жолаушылар легіне профайлер-мамандарының қызметі ұйымдастырылды»[5] деген ақпарат жайлы айтылған. Әрине, бұл құптарлық іс-шара. Осы тұста, айтар ұсыныс, профайлер-мамандарды түрлі бағыттар оқыту жүйесін қалыптастыру керек деп санаймыз.

Осы материалдың жалғасында «Өңірлік терроризмге қарсы комиссиялар тұрғысынан терроризмнің алдын алудың, оның ішінде жастар ортасында ұйымдастырушылық тетіктері жетілдірілді»[5] делінген сөйлем бар. Аталмыш бағытта, яғни жалпы түрде жастар ортасында терроризмнің алдын алу бойынша ұйымдастырушылық тетіктері жетілдірілді деуге болады. Дегенмен, бұл бағытта іс-шаралар жалпы кездесулер деңгейде жүргізіліп

[4] *ҚР Терроризмге қарсы орталығының 2019 жылы атқарған жұмыс қорытындылар//https://www.gov.kz/memleket/entities/knb/press/news/details/otchet-raboty-antiterroristicheskogo-centra-respubliki-kazahstan-za-2019-god?lang=kk.*

[5] *Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының отырысы туралы //https://www.gov.kz/memleket/entities/knb/press/news/details/o-zasedanii-antiterroristicheskogo-centra-respubliki-kazahstan-?lang=kk.*

жатқандығы жалпыға белгілі. Сол себепті алдағы кезде студенттік топтардың, жұмыс жасайтын жас мамандар үшін мақсатты түрде іске асыру іс-шараларын жүргізу қажет деген ұсынысты жасаймыз.

Аталмыш материалдың ішінде «Ауқымды және адрестік ақпараттық-ұйымдастырушылық іс-шаралармен 2,5 млн. астам адам қамтылды»[5] деп жазылған қамтылған. Бұл мәліметтен біліну тұрғандай, біздің елде жалпы алғанда 18 миллиондай халық тұратын болса, сонда аталған сан жалпы халықтың оның шамамен алғанда 12%-ды құрайды. Демек, бұл санды әрі қарай арттыру қажеттілігі туындайды. Әрине оған қомақты қаражатты қажет еттіреді. Дегенмен, жалпы халықты қамтитындай тетіктерді қарастыру керек деп есептейміз. Мысалы, қоғамдық негізде жетекші мамандар жас мамандарға, ал енді мұғалімдер мен оқытушылар оқушылар мен студенттерге діни экстремизмнің алдын алу бойынша ақпараттық түсіндіру іс-шараларын жүйелі өткізуді қалыптастыру арқылы осы мақсатқа жетуге болады деп ойлаймыз. Мұндай іс-шаралар жүргізіліп келеді. Алайда, жеткілікті деңгейге әлі жеткен жоқ дегіміз келеді.

Аталған зерттеу жұмысының негізгі бөлігінде «Жергілікті жерлерде «Жусан» гуманитарлық операциясы шеңберінде террористік қарқынды аймақтардан қайтарылған әйелдер мен балаларды оңалту бойынша жұмыс жолға қойылды. Бұрынғы сенімдерінен осы әйелдердің үштен бір бөлігі бас тартты, қалғандары бойынша жұмыстар табысты жалғасуда»[5] деген мәлімет жазылған. Бұл жұмысты сәтті өткен іс-шара дегіміз келеді. Ендігі жағдай сол оңалту жұмыстарын нәтижесіне байланысты болып келеді. Сондықтан аталмыш бағытта жұмыстарды әрі қарай жандандырып жүргізу керек деп ойлаймыз.

Талқыланып жатқан мақаламыздың жалғасында «Қазақстандық қоғамды терроризм және экстремизмді насихаттаудан қорғау мақсатында интернет кеңістігін мониторингтеудің автоматтандырылған жүйесі іске қосылды. Жүйе әлеуметтік желілердегі құқыққа қайшы контентті айқындауға және артынша бұғаттауға мүмкіндік береді»[5] делінген ақпарат берілген. Бұл өте маңызды іс-шара болып табылады. Өйткені: біріншіден, террористік және діни экстремистік материалдар интернет жүйесі арқылы жалпы қарқынды түрде таратылып жатыр; ал екіншіден, аталмыш материалдарды анықтап бұғаттау оңай шаруа емес болып табылады; үшіншіден, ғаламтордың жалпы халықаралық жүйесін жалпы қамтып бұғаттау мүмкін болмай тұр. Оның түрлі себептері бар. Осы мәселе жайлы пікір ойымызды алдағы кезде тарқатып айтып береміз.

Аталған материалдың қорытынды бөлігіне жақын тұста «Радикалдық ортаға қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың түсуіне жол бермеудің қосымша алдын алу тетіктері енгізілді. Нәтижесінде осындай 17 жағдайға жол берілмеді.

Қарудың елестеткіш түрлерінің айналымына бақылау орнатылды. Өндірістік жарылғыш заттар мен материалдарды, қоймаларды және әскери бөлімдердің зымыран-артиллериялық қару-жарағын сақтау орындарын күзету режимі күшейтілді»[5] деп жазылған. Аталған бағыт бойынша жұмыс жасауды әрі қарай жалғастыра берген жөн. Себебі: біріншіден, бірқатар террористік және діни экстремистік ұйымдардың мүшелері осындай қылмыс құралдарын тікелей пайдалануға құмбыл болып келеді; екіншіден, азаматтық және өзге қару түрлері бойынша бақылау жұмысын жандандыру керек; ал енді үшіншіден, заңсыз қару айналымын бақылау жұмыстарын жандандыру қажеттілігі бар деп есептейміз.

Осы материалдың негізгі бөлігінің соңында «Мемлекеттік органдардың басшыларымен аса маңызды объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесін жетілдіру шаралары қаралды»[5] деп түйінделген. Біздің ойымызша, еліміздің көптеген қалалардағы терроризм бойынша осал объектілерді қорғау мәселесі әлі күн тәртібінде тұр. Аталған объектілердің қорғалу жүйесі стратегиялық жоспар негізінде жүзеге асыру керек деп ойлаймыз.

Материалдың қорытынды бөлігін «ТҚО отырысының қорытындылары бойынша бірқатар хаттамалық шешімдер қабылданды. 2020 жылға арналған ТҚО жұмыс жоспары мақұлданды»[5] деп жазылған тиісті қорытынды ақпарат түйіндейді.

Отандық зерттеушілер Б.Р. Сембекова мен Л.В. Бертовский өздерінің жазған ғылыми мақаласында «Қызметтің барлық салаларындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуұлттық қауіпсіздіктің басым бағыттарының бірі болып табылатын терроризм мен діни экстремизмге қарсы іс-қимылды қамтамасыз етеді. Терроризмге қарсы тұру саласындағы маңызды бағыты ретінде бірінші кезекте діни экстремизмді тудыратын экстремистік идеологиямен белсенді күрес болып табылады. Экстремистік идеологияға қарсықазақстандық патриотизмге, ұлтаралық және конфессияаралық келісімге негізделген мемлекеттік идеология қойылған. Ал енді бұл идеология Қазақстан халқының бірлігі мен қоғамдағы толеранттылықты нығайту, елдің зияткерлік әлеуетін төмендетуге кедергі жасау және қазақстандық қоғамның тарихи, дәстүрлі, рухани және мәдени құндылықтарын сақтауды қамтамасыз етуді дәріптейді» [2] деген тұжырым жасаған. Авторлардың тұжырымы қисынды түрде білдірілген дегіміз келеді.

Сол себептен, сол экстремистік идеологияға қарсы ақпараттық түсіндіру жұмысы жүйесін күшейту керек. Өз кезегінде аталмыш идеологияны «қоғамдық-құқықтық идеология» деп атасақ болады. Демек, бұл ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілі деп түйіндейміз.

Австралиялық зерттеуші Шандон Харрис Хоган өзінің жазған ғылыми мақаласында «Қазіргі уақытта бұл елде зорлық-зомбылық экстремизм мен радикалдану (Рахимулла, Лармар және Абдулла 2013) туралы академиялық зерттеулер мен осы мәселелер бойынша бастапқы дереккөздерді талдаудың жетіспеушілігі бар екенін ескере отырып,аталған мақалада қабылданған зерттеу тәсілі өзінің табиғаты бойынша міндетті түрде сипатталып жазылды. Алайда зерттеудің бұл түрікелешекте Австралиядағы зорлық-зомбылық экстремизмінің түпкі себептерін зерттеу негіздерін құрап береді және дәлелдеу базасы қалыптаса бастайды. Осының негізінде мақсатты саясат пен бағдарламалар зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы тұру кезінде пайда болуы мүмкін» [3] деп өзіндік қорытынды тұжырым жасаған болатын. Автордың жеке ой-пікірін назарға алуға болады. Яғни ол Австралия ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін зорлықшыл экстремизмнің құқықтық табиғатын зерделеу жұмыстары әлі аз екендігін, оның ішінде іргелі еңбектің аздығын тілге тиек жазып түйіндеген. Демек, аталған ел бойынша ұлттық қауіпсіздікпен байланысты діни экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелерінің бар екендігін білдіреді.

Осы тұста, ресейлік зерттеуші А.Н. Шаламованың «Экстремизмге қарсы іс-қимыл ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралы ретінде» деп аталған ғылыми мақаласына назар саламыз. Бұл автор мақала мазмұнында «Қазақстан мен Ресейдің құқық қорғау органдарының экстремизмге қарсы іс-қимыл ісінде бірлескен күш-жігерін қолданудың маңызды саласы көші-қон заңнамасын, келу және кету туралы, шетел азаматтарының осы салада болуының құқықтық жағдайы мен тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерді одан әрі жетілдіру болуға тиіс. ...» [4] деп ұсыныс еткен. Бұл автор ұсынысымен келісеміз. Расында діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша екі елдің көші-қоң заңнамасын жетілдіру, сондай-ақ екі мемлекеттің құқық қорғау мен арнаулы мемлекеттік органдарының қызметінің сапасын арттыру маңызды мақсат пен міндет болып табылады. Бұл факторлар халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде аталған бағытта халықаралық тәжірибелік қырларын дамытады деп санаймыз.

Ресейлік зерттеушінің аталмыш мақаланың жалғасында «Қазақстанда да, Ресейде де Интернетте экстремистік материалдарды тарату фактілерін ашу мен тергеудің, осы санаттағы істер бойынша айыптау үкімдерін шығарудың көптеген мысалдары бар. Бұл ретте тек қана арнаулы қызмет органдарына тығыз ынтымақтастық пен өзара түсіністікті тілеймін»[4] деп жаза келе, келесі ретте «Жоғарыда қарастырылған «қарсы іс-қимыл» категориясын түсіну контексінде алдымен азаматтық қоғам институттарымен және кәсіби педагогикалық қоғамдастықпен тығыз қарым-қатынаста алдын алуды жүзеге асыратын, тиісті жастармен жұмыс істейтін, ұлттық мәселелер бойынша құқықтық ағартушылықпен айналысатын, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімді нығайтатын, толеранттылықты қалыптастыратын органдарды бөліп көрсету қажет. Соңғы жылдары мемлекеттік аппараттың осы бөлігінің конфигурациясы Ресейде де, Қазақстанда да айтарлықтай өзгергенін ескере отырып, өзара іс-қимыл жүйесіне тиісті түзетулер енгізу қажет. Жаңадан «сағат салыстыру» қажет» [4] деген ұсыныстарымен түйіндейді. Ресей сарапшы берген ұсыныстар құптаймыз. Шынында ұсынған бағытта, яғни діни экстремизмнің алдын алу барлық елдерде де жұмыстар жүргізіліп жатыр деуге болады. Дегенмен, мемлекетаралық ынтымақтастық бағытында өзара әрекеттесу жүйесін жандандыру қажет деп есептейміз.

Осы ретте діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша шет елдердегі тәжірибелерді зерделеген отандық зерттеушілердің М.М. Рахымбеков пен Л.Ч. Сыдыкованың ағылшын тілінде жазған мақаласының қорытынды бөлігінде мынадай ғылыми тұжырымдама жасалған: «1. Ұлыбританияның тәжірибесін ескере отырып, біз халықтың қандай да бір бөлігін діни негізде стигматизациялауға еш жол бермеуіміз керек. Кезінде Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, «діни экстремизммен күрес дінмен күресуге айналмауы тиіс». Мемлекеттің негізгі күш-жігері мемлекет дамуының зайырлы қағидаттарын нығайту, азаматтардың ар-ождан бостандығына тиісті құқықтарын қамтамасыз ету және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеу сияқты тиісті міндеттерге шоғырлануы тиіс. Сондай-ақ, діни бірлестіктердің қызметіне араласпастан, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын ханафи бағытындағы ислам тасымалдаушылардың жалғыз заңды өкілі ретінде қолдау қажет, себебі оның Қазақстан халқының мәдениеті мен рухани өмірін дамытудағы тарихи рөлі заңнамалық деңгейде мойындалған. 2. Ұлыбританиядағы экстремизмді алдын алу қызметі кең ауқымға ие – ол полиция қызметтері, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық және діни ұйымдар, бейресми жастар ұйымдары және т. б. кіреді. Бұл ретте өзінің алдын алу қызметін жоспарлау, оның мақсаттарын,

міндеттерін және оларды шешу әдістерін, қаржыландыру көлемін айқындау мемлекеттік органдар деңгейінде жүзеге асырылады (әдетте, бұл ретте жастармен жұмыс істеу үшін әр түрлі министрліктер мен ведомстволар). 3. Үкіметтік емес ұйымдардың қаржыландыруын жеткіліксіз бақылау (яғни ақша қаражатын жұмсау бағыты) экстремистік қылмыстардың жасалуын анықтайтын қылмыстық фактор ретінде әрекет етеді. Осыған байланысты олардың қызметіне қаржылық бақылауды жетілдіру олардың тарапынан экстремистік қызмет тәуекелдерінің алдын алу құралы болып табылады. 4. Экстремизмнің алдын алу саласындағы француздық тәжірибе Қазақстан Республикасында белсенді пайдаланылуы мүмкін. Бұл ретте әңгіме механикалық қарыз алу туралы емес, отандық жағдайларда тиімді шетелдік тәжірибені жақсы ойластырылған, ғылыми негізделген қолдану және шетелдік әріптестердің діни экстремизмге қарсы іс-қимылда жіберген қателіктерін есепке алу туралы болып отыр» [5]. Мақала авторлары бұл мақаланы қысқа мазмұнмен зерделеу жасаған. Авторлардың тұжырымы мен ұсыныстары жалпылама сипатта жасалған әрі берілген. Дегенмен, бұл ретте назарға аларлық тұсы бар. Яғни «отандық жағдайларда тиімді шетелдік тәжірибені жақсы ойластырылған, ғылыми түрде негізделген қолдану және шетелдік әріптестердің діни экстремизмге қарсы іс-қимылда жіберген тиісті қателіктерін есепке алу» делінген ұсыныстық сипаттағы тұжырымын айтуға болады. Біздіңше, бұл қателіктер саяси-құқықтық сипатта болмауы тиіс деп білеміз. Өйткені, саяси-құқықтық қателіктер дәл айтар болсақ, мемлекеттің, тіпті құзырлы мемлекеттік органдардың қызметіне қайшы іс-әрекеттер болып табылады. Демек, құқық бұзушылықты (қылмыстық, әкімшілік және т.б.) сипаттайтын қателіктер болмауы қажет. Сондықтан құқық бұзушылықты еш тудырмайтын, тек жағымсыз болса да жасалған қателіктерді (қызметтік және т.б.) ғана назарға алынуы тиіс деп ойлаймыз. Сол себептен де нақтыланған қателіктерді дереу түзеп, әрі қарай одан оң қорытынды жасауға мүмкіндіктер беретін қателіктер болуы керек деп есептейміз. Олар өз кезегінде тәжірибені, оның ішінде халықаралық сипаттағы дағдыларды қалыптастырып әрі қарай жетілдіретін халықаралық тәжірибелік қырларды қарқынды дамытуы қажет деп білеміз.

Ұйымдасқан қылмыс және терроризм бойынша сарапшы маман болып табылатын американдық Джер П. Белопердің көзқарасына сүйенсек, ол өзінің ғылыми-аналитикалық еңбегінде «...Міне осы жерде мына сұрақ туындайды: шынында стратегиялық іске асыру жоспары федеральды үкіметтің алдына қандай идеологиялар қауіпті, ал қандай идеологиялар қауіпсіз, қандай сенім нанымдар жақсы, ал қандайы жаман деген сауалдарды анықтау қажеттілігін қоя ма? Мұны екіжақты тараптан қарастыруға болады. Олардың бірі жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл параметрлерін белгілеуді, ал екіншісі өзара іс-қимылдың соңғы өнімін, яғни қарсы насихатты бағалауды көздейді. Біріншіден, дегенмен стратегияны іске асыру жоспары Үкімет зорлық-зомбылықпен экстремистік насихаттауға балама құруға тартылмауы тиіс деп болжамдай алады, үкімет қауіпті және қауіпсіз идеялар арасын елеп іріктеуге, осы мәселе бойынша өзара әрекеттесу параметрлерін белгілеуге тартылатын болады. Жақсы және жаман идеологиялар арасында таңдаусыз түрде нақты тұжырымдамаларға қарсы тұру үшін жергілікті белсенділерге «өкілеттіктер беру» оңай міндет болмауы мүмкін. Ал енді екіншіден, егер террористік идеологияларға қарсы насихатты шақырса, онда федералдық үкімет мемлекеттік және жергілікті билік органдарымен және азаматтық әріптестермен осы қарсы насихатты жасауда қалай ынтымақтасуға тиіс? Бұл ретте мемлекеттік құрылымдар Америка Құрама Штаттарына қатысты террористердің қастандық теорияларына қарсы насихаттау немесе от қою ретінде жария түрде қарастыруға қалай жол бермейді?» [6] деп өзінің тұжырымын жазған. Бұл автордың тұжырымы жеке өзіндік пікірге негізделіп жасалған деуге болады. Бұл ретте жалпыға белгілі мынадай жағдайлар бар: біріншіден, халықаралық-құқықтық актілер мен ұлттық заңнама нормалары бойынша идеологиялық плюрализм (әр алуандылық) танылады; екіншіден, кез келген идеологияның жағымды немесе жағымсыз болуының құқықтық негіздерін көптеген елдердің ата заңдарында белгіленген; ал енді үшіншіден, қоғамдық қатынастарды реттейтін әлеуметтік нормалар (саяси, құқықтық, діни, мораль этика және т.б.) жиынтығы бар. Бұл ретте олар жалпы адамзат мәдениетінің құндылықтары ретінде көптеген ғасырлардан бері тек дәстүрлі түрде ғана қалыптасқан эталондардың жиынтығы болып табылады. Біздің ойымызша, осы эталондардың барлығы жағымды идеологияларға жатады. Ал енді жағымсыз идеология құқыққа сыйымсыз әрі құқыққа қайшы, дәстүрлі қалыптасқан эталондармен үйлеспейтін кейбір жеке тұлғалар мен тұлғалар тобының қисынсыз ой-пікірлерінен туындап қалыптасқан түрлі жағымсыз пікірлер мен ұстанымдардың жиынтығы ретінде танылған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҚР ҰҚК) арнайы тобы іске асырған соңғы халықаралық тәжірибелік іс-әрекеттерінің бірі ретінде «Жусан» гуманитарлық операциясы саналады. Осы орайда, ҚР ҰҚК ресми сайтында жарияланған бей-

нематериалдағы мәліметке сүйенсек, оның мазмұнында «ҰҚК үйлестірілуімен «Жусан» гуманитарлық операциясы іске асыру кезінде (2019 жыл) жалпы 595 қазақстан азаматы қайтарылды. Ол операциясының 1 кезеңінде жалпы 47 адам: 6 ер адам, 11 әйел, 30 бала, 2 кезеңінде жалпы 231 адам: 16 ер адам, 59 әйел, 156 бала (18 жетім), 3 кезеңінде жалпы 246 адам: 8 ер адам, 67 әйел, 171 бала (9 жетім), 4 кезеңінде 71 адам: 3 ер адам, 19 әйел, 49 бала (5 жетім) ҚР аумағына әкелінді. Жалпы санайтын болсақ, 595 адам: 33 ер адам, 156 әйел, 406 бала (32 жетім). Барлық әйелдер мен балалар оңалту және бейімдеу курстарынан өтті. Террористік ұйымдардың әрекетіне қатысқаны үшін 31 ер адам, 12 әйел сотталды, ал енді тергеуде 14 адам болды»[6] деп жазылған мәлімет бар. Бұл іс-шара, біздің пайымдауымызша, халықаралық деңгейдегі іс-әрекет болып табылады. Аталмыш халықаралық гуманитарлық операцияның маңыздылығы мынада дегіміз келеді: біріншіден, аталмыш операция халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларына сәйкес халықаралық міндеттеменің бірегей құқықтық іс-шарасы ретінде саналады; ал енді екіншіден, халықаралық сипаттағы қарулы қақтығыс аймағынан ҚР азаматтарын гуманитарлық көмек арқылы алып келу ұлттық заңнамаға сәйкес мемлекеттің, оның ішінде құзыретті органдардың міндеті болып келеді; ал үшіншіден, осы қайтарылған азаматтардың басым көпшілігі балалар мен әйелдер. Бұл ретте айтар жайт, шындығына келгенде, әсіресе барлығы балалардың, сондай-ақ әйелдердің басым көпшілігінің ешбір жазығы жоқ деуге болады. Сол себептен осыны нақты білгендіктен, тиісті мемлекеттік органдар сол операцияны жүзеге асырды.

Тағы қайталап айтар болсақ, ҚР ҰҚК ресми мәліметтері бойынша, 2019 жылы барлығы 595 адам эвакуацияланды: 33 ер адам, 156 әйел, 406 бала (оның 32-і жетім). Бірінші кезең шеңберінде Қазақстанға 47 адам оралды: 6 ер адам, 11 әйел, 30 бала. Екінші кезеңде 231 адам қайта оралды: 16 ер адам, 59 әйел, 156 бала (18 жетім). Үшінші операция 246 адамды қайтарумен аяқталды: 8 ер адам, 67 әйел, 171 бала (9 жетім). ҰҚК төртінші рет Отанына 71 адамды қайтарды: 3 ер адам, 19 әйел адам, 49 бала (5 жетім). Барлық әйелдер мен балалар оңалту және бейімдеу курстарынан өтті. Алайда, террористік белсенділік аймақтарында әлі жалпы 114 қазақстандық қалып отыр, оның ішінде 36 ер адам, 78 әйел адам және балалар»[7].

Жоғарыда отандық және шетелдік зерттеушілер жеке зерделеп келтірілген ғылыми сипаттағы тұжырымдар мен ресми түрде берілген статистикалық мәліметтер ҚР ұлттық қауіпсіздігімен байланысты діни экстремизмге қарсы іс-қимылдың өзектілігін дәлелдеп береді.

Сонымен, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанынан құрылған Терроризмге қарсы орталықтың қызметінде қалыптасқан іс-әрекеттер жүйесін талдау көрсетіп бергендей, аталмыш орталықтың, сондай-ақ жергілікті комиссиялардың қызметі шартты түрде айтар болсақ, жалпы және жергілікті (облыстық, қалалық және аудандық) деңгейлерде тиісті түрде ұйымдастырылып қалыптастырылған дегіміз келеді. Былайша тұжырым себебіміз: біріншіден, «жалпы деңгейде» деген кезде ҚР ҰҚК-нің «Терроризмге қарсы орталығы» деп түсініледі; ал енді екіншіден, жергілікті деңгейге жоғарыда тілге тиек етіліп айтылған комиссиялар жатады; ал үшіншіден, аталған комиссиялардың жиынтығы еліміздің терроризмге қарсы комиссиялар жалпы жүйесін құрайды. Осы орайда терроризмге қарсы орталық және жергілікті терроризмге қарсы комиссиялардың қызметінде қалыптасқан іс-әрекеттер жүйесін зерделеу көрсеткендей, терроризмге қарсы орталықтың жалпы және негізгі тәжірибесі, ал енді жергілікті комиссиялардың арнайы тәжірибесі қалыптасқан деп түйіндейміз. Осы жасалған тұжырымызға арнайы түсіндірмені берсек дейміз. Терроризмге қарсы орталықтың жалпы тәжірибесі дегеніміз, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанынан құрылған терроризмге қарсы орталықтың жалпы үйлестіру тәжірибесін айтамыз. Терроризмге қарсы орталықтың негізгі тәжірибесі дегеніміз, осы терроризмге қарсы орталықтың бөлімшелері негізінде қызметінде қалыптасқан негізгі үйлестіру тәжірибесін айтамыз. Ал жергілікті комиссиялардың арнайы тәжірибесі дегеніміз, жергілікті (облыстық, қалалық және аудандық) комиссиялардың қызметінде арнайы қалыптасқан тәжірибенің жиынтығын айтамыз. Осы тұста, айта кетер ұсыныс, терроризмге қарсы орталық және оның бөлімшелері (облыстық, қалалық және аудандық) қызметін реттейтін ережеге құқық бұзушылық сипаттағы діни радикализм және қылмыстық құқық бұзушылық сипаттағы діни экстремизмге қарсы қарсы-қимыл нормаларын енгізу және толықтыру қажет деп санаймыз.

---

*[6] «Жусан» гуманитарлық операция //http://knb.gov.kz/kk/node/2201 .*

*[7] Орталық және Оңтүстік Азия елдерінің Зорлық экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік конференциясы туралы баспасөз ақпараты (Астана қаласы, 2015 жылғы 29 маусым)//http://prokuror.gov.kz/kaz/baspasoz/akparaty/ortalyk-zhne-ontustik-aziya-elderinin-zorlyk-ekstremizmge-karsy-kimyl-zhonindegi.*

## ӘДЕБИЕТТЕР


*1. Марциченко. АТК проблемные аспекты // материал Антитеррористической комиссии при областном акимате.*

*2. Сембекова Б.Р., Бертовский Л.В. Противодействие терроризму и религиозному экстремизму как способ обеспечения национальной безопасности // Вестник Карагандинского университета. Серия Право. - № (90)/2018. – С. 99-106.*

*3. Harris-Hogan S 2017. Violent extremism in Australia: An overview. Trends & issues in crime and criminal justice no. 491. Canberra: Australian Institute of Criminology. https://www.aic.gov.au/publications/tandi/tandi491*

*4. Шаламова А.Н. Противодействие экстремизму как инструмент обеспечения национальной безопасности: правовые аспекты (опыт России и Казахстана) // Научный портал МВД России. – № 2. – 2017. – С. 96-106.*

*5. Rakhimbekov M.M., Sydykova L.Ch. Foreign experience in prevention of religious extremism and terrorism and its application in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of Karaganda University. Series «Law». № 3(91)/2018. – 91-97 p.*

*6. Bjelopera Jeroma P. Countering violent extremism in the United States // Congressional Research Service. – 2012. – 29 p.*


## REFERENCES


*1. Marcichenko. ATK problemnye aspekty // material Antiterroristicheskoj komissii pri oblastnom akimate.*

*2. Sembekova B.R., Bertovskij L.V. Protivodejstvie terrorizmu i religioznomu jekstremizmu kak sposob obespechenija nacional'noj bezopasnosti // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija Pravo. - № (90)/2018. – S. 99-106.*

*3. Harris-Hogan S 2017. Violent extremism in Australia: An overview. Trends & issues in crime and criminal justice no. 491. Canberra: Australian Institute of Criminology. https://www.aic.gov.au/publications/tandi/tandi491.*

*4. Shalamova A.N. Protivodejstvie jekstremizmu kak instrument obespechenija nacional'noj bezopasnosti: pravovye aspekty (opyt Rossii i Kazahstana) // Nauchnyj portal MVD Rossii. – № 2. – 2017. – S. 96-106.*

*5. Rakhimbekov. M.M., Sydykova L.Ch. Foreign experience in prevention of religious extremism and terrorism and it sapplication in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of Karaganda University. Series «Law». № 3(91)/2018. – 91-97 p.*

*6. Bjelopera Jeroma P. Countering violent extremism in the United States// Congressional Research Service. – 2012. – 29 p.*